

ПОСТ-РЕЛИЗ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАСЫ

Заманауи қоғамның қарқынды дамуы сауатты, эрудитті, мобильді және өзін-өзі жетілдіруге дайын мамандарды қажет етеді.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі - болашақ мамандардың кәсіби деңгейін дамытудың негізі, сонымен қатар, білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуының тиімді ресурсы болып табылады.

Студенттердің пәндік олимпиадасы – білім алушылардың эрудициясы мен негізгі құзыреттіліктерін тексеруге, логикалық ойлауы және абстрактілі ойлау қабілеттерін дамытуға арналған тамаша алаң.

2022 жылдың 23 мамыр күні Білім беруді жаңғырту орталығы Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжімен бірлесіп, Нұр-Сұлтан қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы студенттер арасында қалалық олимпиада өткізді. Олимпиада қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша жүзеге асырылды:

- Мемлекеттік тілде оқытатын топтардағы қазақ тілі;
- Мемлекеттік тілде оқытатын топтардағы қазақ әдебиеті;
- Мемлекеттік тілде оқытатын топтардағы орыс тілі мен әдебиеті;
- Орыс тілінде оқытатын топтардағы орыс тілі;
- Орыс тілінде оқытатын топтардағы орыс әдебиеті;
- Орыс тілінде оқытатын топтардағы қазақ тілі мен әдебиеті;
- Қазақстан Тарихы.

Нұр-Сұлтан қаласының колледж студенттеріне таңдаған пәні бойынша өздерінің пәндік білім деңгейлерін, құзыреттіліктері мен эрудицияларын әділ бәсекеде көрсетуге мүмкіндік берілді.

Сараптама комиссиясының құрамына Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Ы Алтынсарин ат. Ұлттық білім академиясының, "Өрлеу" БАҰО АҚ Нұр-Сұлтан қалалық филиалының, Тілдерді дамыту және архивтер басқармасының, «Bilim otkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зертеу орталығының, «Руханият», «Парасат», «Intellectual generation» білім орталықтарының өкілдерімен қатар, мемлекеттік, жекеменшік мектептердің тәжірибелі педагогтары енді.

Олимпиадаға 25 колледжден барлығы 104 оқушы қатысты.

Олимпиада жеңімпаздары мен қатысушылары I, II, III дәрежелі дипломдармен және қатысу сертификаттарымен марапатталды. Барлық жеңімпаздарға Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі тарапынан сыйға кітаптар ұсынылды.

ПОСТ-РЕЛИЗ СТУДЕНЧЕСКАЯ ПРЕДМЕТНАЯ ОЛИМПИАДА

Современному обществу нужны грамотные, эрудированные, мобильные и готовые к самосовершенствованию специалисты.

Система технического и профессионального образования формирует основу развития профессионального уровня будущих специалистов и является ключевым ресурсом личностного и общественного развития.

Студенческая предметная олимпиада - отличная площадка для проверки эрудиции и базовых компетенции, развития логического мышления и способности абстрактно мыслить.

23 мая 2022 года Центром модернизации образования совместно с Педагогическим колледжем Международного университета Астана проведена городская олимпиада среди студентов организаций технического и профессионального образования г. Нур-Султан по общественно-гуманитарному направлению по дисциплинам:

- Казахский язык в группах с государственным языком обучения;
- Казахская литература в группах с государственным языком обучения;
- Русский язык и литература в группах с государственным языком обучения;
- Русский язык в группах с русским языком обучения;
- Русская литература в группах с русским языком обучения;
- Казахский язык и литература в группах с русским языком обучения;
- История Казахстана.

Студентам колледжей города Нур-Султан была предоставлена возможность в честном соперничестве продемонстрировать свои базовые знания, компетенции и эрудицию по выбранному предмету.

В составе экспертной комиссии были представители Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева, Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина, АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Нур-Султан, Департамента развития языков и архивов, Национального инновационного научно-исследовательского центра «Bilim orkenieti», учебных центров «Руханият», «Парасат», «Intellectual generation», а также опытные педагоги государственных и частных школ города.

Всего в работе Олимпиады приняло участие 104 студента из 25 колледжей.

Всем участникам были вручены сертификаты. Победители и призеры Олимпиады награждены дипломами I, II, III степени и ценными книжными призами от Педагогического колледжа Международного университета Астана.